



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Өндіріс пен құрылыста маман тапшы

2022 жылдың қазан айында Электрондық еңбек биржасында 109,2 мың бос жұмыс орны және 59,8 мың түйіндеме орналастырылды. Алдыңғы аймен салыстырғанда жарияланған жұмыс орындарының саны аздап төмендеді (5,6%), ал түйіндеме саны үштен бірге (27,3%) азайды.

Ірі қалалармен қатар өнеркәсіптік өңірлерде де кадрлардың жетіспеушілігі сезілді.

Жұмыс берушілер тарапынан бос орындар санының едәуір қысқаруынан көрінетін белсенділіктің төмендеуі жоғары білікті мамандарға көбірек әсер етті, яғни қажеттілік 35%-ға қысқарды (11,7 мың бос жұмыс орны). Бұл ретте біліктілігі орташа және төмен

аясында өндірістік саладағы және ТҚШ саласындағы мамандықтар бойынша кадрларға қажеттілік айтарлықтай өскенін атап өтуге болады (+67%). Сонымен өндірісте ең танымал стационарлық жабдықтардың операторлары (8,5 мың бос жұмыс орны), дәнекерлеушілер мен фармацевтер (3,5 мың бос жұмыс орны), ал ТҚШ-да слесарлар мен сантехниктер (4,9 мың бос жұмыс орны) болды», деді А.Молчановская.

Жұмыс берушілер тарапынан ең аз сұраныс қысқарту, ғылым және консалтинг, сондай-ақ маркетинг және БАҚ сияқты салалардың мамандарына қатысты болды.

Өңірлер бөлінісінде сұраныс тұрғысынан ең белсенді Астана және Алматы қалала-



кадрларға сұраныс керісінше өсті, тиісінше 5% (+2,3 мың бос жұмыс орны) және 9%-ды (+3 мың бос жұмыс орны) құрады.

«Сондай-ақ орта білікті мамандарға сұраныстың тұрақты үлесі болған жағдайда, мұндай біліктілігі бар жұмыскерлер түйіндемелерінің саны өте аз екенін атап өткен жөн. Жұмыс іздеушілер арасында 40%-ға жуығы біліктілігі жоқ еңбек түрін ұсынатын кадрлар», деді «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ басқарушы директоры Александр Молчановская.

Қазан айында бос орындар саны бойынша көшбасшылар үштігіне өндіріс (15,9% немесе 17,3 мың бос жұмыс орны), білім беру және тәрбиелеу (10,4% немесе 11,3 мың бос жұмыс орны), құрылыс және сәулет (6,4% немесе 7 мың бос жұмыс орны) салалары кірді.

«Өткен айдағы еңбек нарығындағы серпінді қарастыра отырып, маусымдық ауытқуларға сәйкес білім беру саласының мамандарына сұраныстың екі есе қысқаруы

ры, Батыс Қазақстан, Түркістан және Қарағанды облыстары болды, бос жұмыс орындарының жалпы саны – 44,7 мың (барлық сұраныстың 41%-ы). Кадр тапшылығы Қарағанды, Шығыс Қазақстан (сұраныс ұсыныстан 4 есе артық) және Павлодар облыстарында (3 есе) барынша айқын көрінді. Керісінше, Жетісу облысында және Маңғыстау өңірінде бос жұмыс орындарына қарағанда көбірек ізденушілер байқалды.

Мамандықтар бойынша қазандық қондырғыларының операторлары (3 081 түйіндемеге 5 853 бос жұмыс орны), күзетшілер (472 түйіндемеге 1 525 бос жұмыс орны), тігіншілер (220 түйіндемеге 1 273 бос жұмыс орны), кеңсе тазалаушылары (323 түйіндемеге 1 271 бос жұмыс орны) және тәрбиешілер (620 түйіндемеге қарсы 1 507 бос жұмыс орны) тапшы болды.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, кезектен тыс өткен Президент сайлауындағы жеңісімен құттықтаған жиналған қатысушыларға алғыс айтты, деп хабарлайды Egemen.kz.

–Қазақстанның аймақтағы одақтастарымен және серіктестерімен арадағы достықты, тату көршілікті және өзара тиімді ынтымақтастықты жан-жақты нығайту жөніндегі стратегиялық бағыты өзгермейтінін атап өткім келеді. Біз алдағы уақытта да сіздердің мемлекеттеріңізбен екіжақты және көпжақты форматтағы қарым-қатынастардың жоғары деңгейін сақтауға күш сала-



Президент ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысты

мыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ аясындағы ынтымақтастықтың түрлі бағытына қатысты еліміздің ұстанымын жеткізді. Ұйымға мүше елдер басшыларының қорытынды кездесуі күрделі геосаяси қайшылықтар мен бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер жағдайында өтіп жатқанын айтты. –Халықаралық істерде күшейе түскен тұрақсыздық ҰҚШҰ кеңістігін де айналып өткен жоқ. Біздің аймақта бүкіл Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылыққа, қауіпсіздікке нұқсан келтіретін жанжалдар әлі де жалғасып жатыр. Мұндай жағдайда ашық, шынайы, конструктивті диалогты сақтау және дамыту өте маңызды. Бұл – күрделі дағдарыстар мен қайшылықтардан шығудың тиімді әрі оңтайлы жолы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент армян-әзербайжан қатығысын дипломати-

ялық жолмен реттеуге бағытталған шараларды қолдады.

–Армения мен Әзербайжан арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуіне бәріміз де мүдделіміз. Ресей тарапының бітімгерлік әрекеттері армян-әзербайжан қатығысын тек саяси-дипломатиялық жолмен шешуге және екі жақтың бейбіт келісімге қол қоюына мүмкіндік береді деп үміттенеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстандағы жағдайға арнайы тоқталды.

–Бұл мемлекеттегі жағдайды реттеу жолдарын қарастыру – ҰҚШҰ-ның оңтүстік шекараларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Қазақстан осы елдің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін Ауғанстан басшылығымен өзара ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті. Біз

Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетіп келеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ұйым аясындағы іс-әрекетті одан әрі дамытуға байланысты бірқатар ұсыныс айтты. Соның ішінде ҰҚШҰ-ның бітімгерлік әлеуетін дамыту мәселесін жуық арадағы басымдық ретінде атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе армян тарапына және Никол Пашинянға ҰҚШҰ төрағасы ретіндегі табысты жұмысы үшін алғыс айтып, Беларусь Президенті Александр Лукашенконың 2023 жылы атқаратын төрағалығына сәттілік тіледі.

Жоспарланған ротация аясында мемлекеттер басшылары Қазақстан өкілі Иманғали Тасмағамбетовті 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш жыл мерзімге ҰҚШҰ Бас хатшысы қызметіне тағайындау туралы шешім қабылдады.

Парламент сайлауы қашан өтетіні белгілі болды

23 қарашада Қазақстан Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов парламент сайлауын өткізу мерзімін атады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Оның айтуынша, парламент сайлауы 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында өтеді. Қошанов бұл туралы толығырақ Президент жариялайтынын айтты.

«Әрине, осыдан кейін жаңа Үкімет құрылады. Уақытын Президент жариялайды», деді Ерлан Қошанов.

2022 жылғы 20 қарашада Қазақстанда кезектен тыс президент сайлауы өтті. ОСК деректеріне сәйкес, 8,3 млн қазақстандық дауыс беру құқығын пайдаланды.

22 қарашада Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров сайлау қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіске жеткенін жариялады.



Ел іші-өнер кеніші

Шын шеберге тұсау жоқ

Жүргізуші Бану қарындасымыз нақышына келтіре «Қай жерде, мейлі, қай елде, Әлемнің мәні-Әйелде!» дегеніндей Созақ аудандық орталық кітапхананың фозесінде аудандық орталық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің ұйымдастыруымен қолдарынан бал тамған ісмер, мүмкіндігі шексіз аяулы қыз-келіншектердің қатысуымен қолға алынған «Шебер қолдар» атты тақырыпта ұйымдастырылған қол өнер шеберлерінің кездесуі өтті. Біз білетін Созақ аудандық орталық кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері жыл басынан бері мәдениет, спорт, денсаулық, тағыда басқа сала қызметкер-

ларының сұраныстарымен орындайды.

Жақсыбаева Малина 1983 жылдың 24-ші наурызында дүниеге келген. 2017 жылы жалпы тігін крусын оқып, 2020 жылы білімін жетілдіріп Алматыда арнайы дизайнер курсына қосымша оқып, білім алып кәсіби маман атанады. Өзінің жеке ательен ашып, мектеп форма, бишілер киімін тігіп, халықтың сұраныстын қанағаттандырып, сонымен қатар екі адамды жұмыспен қамтып, кәсібін алға қарай ілгерлетте түсті.

Мадалиева Томирис 2013 жылы 16 қазанда дүниеге келген. Отбасында төрт ағайынды, бауырларының арасынан дара өскен Томирисінің қолынан көп өнер келеді. Атап



лердің еңбектерін көпке үлгі етіп, оны дәріптеу мақсатында бірнеше шаралар өткізген болатын. Бұл шараның өзгешелігі қолдарынан бал тамған ісмер мүмкіндігі шексіз қыз-келіншектеріміздің ерен еңбегін дәріптеу. Қазіргі таңда өз кәсіптерін дөңгелетіп, бірі тігіншілік пен айналыса, бірі дәмді ас мәзірлерін жасап, бірі сұлулық салондарында әрлеу мен сәндеумен айналысып, қоғамда өзіндік орындарын қалыптастырып жүрген аруларымыз бен аналарымыз көп – ақ! Өнерге, өмірге, құштар мүмкіндігі шексіз аяулы жандарға ізгі ниетімен тілегін білдіріп, кеш шымылдығын ашқан Созақ ауданы әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы:

«Қазақта аналарымыз бен ару қыздарымызға арналған мақал-мәтелдер көп «Қыз өссе, елдің көркі», «Ана бір қолымен бесікті, ал бір қолымен әлемді тербетеді» «Анаға қарап қыз өсер» деп жалғаса береді. Аналарымыздың отбасында да қоғамда да алар орны ерекше. Әрбір адамның Құдай берген өнері немесе дарыны болады. Соны бағалай білсе, өнерлі жан өмірде өз орнын табады. Өнер адамның бойына әр кезеңде берілуі мүмкін. Бастысы оған деген құштарлық сезімі биік болса, алынбайтын қамал болмайды. Бұл дүниеде адамның жан дүниесін нұрландыра түсетін, өмірді кемелдендіріп, ізгілік нұрын шашатын құдірет ол – өнер. Адам баласы өнер арқылы өмірдің қыр-сырын таниды. Өзін-өзі бағалап, кемелденеді. Биікке қол созады. Өмірге деген құштарлық сезімі өнер арқылы келеді. Ендеше қолдарынан бал тамған «Шебер қолдар» деген атқа лайықты аналарымыз бен қыздарымызға алдағы уақыттарда да зор табыстар мен жетістіктер тілеймін, - деді.

Шара кейіпкерлері Смахова Бақыт Тұрсынқызы 1961 жылы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп 6 немере сүйіп отырған бақытты ана, бақытты әже, іскер әйел. Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы болып қызмет атқарып, тігіншілік қабілеті арқылы біраз еңбектерін көзге көрсетіп, құрақкөре, жастық т.б бірнеше ұлттық бұйымдарды жасап, сонымен қатар тігіншілікпен айналысудың жолдарын үйретіп келеді.

Ибраймова Төреқыз бала кезден тоқымашылықпен айналысып келеді. Шұлық тоқу, кішкентай бүлдіршіндерге түрлі-түсті жемпірлер тоқып, өз кәсібін дөңгелетіп, тхынушы-

өтер болсақ. Тігін тігуден: перде, құрақ құрау, бисер тоқып, одан түрлі – түсті сөмкелер жасай білсе, пластилин арқылы ойға келмейтін түрлі идеялар арқылы мүсіндер жасай алады.

Дуанаева Айгерім 1989 жылы дүниеге келген. Кітапханашы мамандығымен қоса Балдысу ауылында тәтті нандар пісіріп (торт) тапсырыс қабылдап, халықтың алғысына бөленіп жүрген ару. Қолынан бал тамған шебер маман. Белсенді жас өз кәсібін дөңгелетпес бұрын, осы тәтті тоқшатар дайындайтын кәсіби мамандардан сертификат алған.

Кітапхананың белсенді, әрі өнерлі оқырмандары Жүнісова Роза Кәденқызы, Мырзақұл Жарқынай, Маратқызы Мереке, Темірәліқызы Айнұрқызыдарымыз шеберлік сағатында өнер иелері өз қолдарынан шыққан керемет туындыларымен таныстырды.

Өнерлі жан өзіне ғана емес, өзгеге де бақыт сыйлай алады. Өнердің шынайы келбеті сол өнерлі жанның өмірін нұрландырып, соның игілігіне қызмет етеді. Б.Момышұлы айтқандай, «Өнер – адамның рухани азығы, ол халықтың бүгінгі мен келешегі, арманы мен қиялы, жалпы болмысы». Шын дарын өнер жолында өз орнын таба алады. Күш, жігер, ақыл мен қайрат – бұлар өнердегі шыдамдылыққа жетелейтін асыл қасиеттер.

Әр адамның өзінің бойына ерекше біткен таланты болады. Соның бірі – өнер. Өнер – халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді. Қазақ халқының басынан өткен сан қилы замандар, оның тіршілігі мен дағдарысы, салт-дәстүрі, санасы, өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпы арқылы ұлттық өнер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарих сахнасына айналды. Шараны қорытып және аталмыш шараға қол өнер бұйымдарымен келген шебер қолды аналарымыз бен қыздарымызды оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің басшысы Элмира Қайдауқызы марапаттады. Шара арқылы өнер деген киелі ұғымды бойларына жинақтаған аналарымызбен қыздарымыздың сан түрлі өнерлерінің куәсі болып тарастық.

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.



Саяси көшбасшылық мектебінің алғашқы тренингі болып өтті

Түркістан облысы бойынша ЗТБ «Әйелдер күштері альянсы» 5 күндік саяси көшбасшы әйелдер мектебінің ашылу жиыны Шымкент қаласындағы «Азаматтық ресурстық орталығында» өтті.

Саяси көшбасшылық мектептің басты мақсаты: Әйелдерді қоғамдық саяси, заңнамалық салада, сондай-ақ, мемлекеттік құрылым мен атқарушы билік органдарында жоғарылату үшін кадрлық резервті қалыптастыру болып табылады.

Атаулы шараға Түркістан облысынан мемлекеттік қызметкер қыз-келіншектер, депутаттар және түрлі саланың мамандары және кәсіпкер белсенді ханымдар қатысты. Олар өздерінің 2023 жылға арналған болашақ стратегиясына арналған мақсаттар құрды. Сонымен бес күндік тренингте белсенді қыз-келіншектер презентациялар, практикалық жұмыстар, түрлі тақырыпта еркін формата дебаттар ұйымдастырылып, ұтымды ұсыныстар, ашық пікірлер, бүкпесіз ойлар ортаға салынды. Белсенді қыз-келіншектер-стратегияның элементтері, SWOT-талдау, теңгерім дөңгелегі, тұлға-

лық тест, SMART критерийлері бойынша мақсат қою, тұлғалық ұстанымдарды қалыптастыру, тиімді қарым-қатынастардың негізгі шарттары, мета-хабарламаларды тәжірибеде қолдану, жеке бренд, ораторлық өнер тағы да басқа көптеген күнделікті өмірде, жұмыс барысында кездесетін қажетті мағлұматтарға назар аударып, көңілдеріне түйді. Қоғамға қандай да бір өз үлесімді қосамын деген пікірдегі белсенді әйелдер өзара әр сала бойынша тәжірибе алмасты. Айтары жоқ, қандай да бір мақсатқа қол жеткізіп, жоспарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте сауаттылық қажет. Яғни саяси, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік. Бұл ақпараттарға нақты қол жеткізу үшін әріне негізгі мамандардың дәрісі қажет. Шыдамдылық, қайраттылық, төзімділік, парасаттылық әр қазақ әйеліне тән қасиет. Әйел қоғамның да, отбасының да ұйытқысы бола алатынына нақты көңіл аударар уақыт келді деп санаймыз.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Түркістан облысы саяси көшбасшы әйелдер клубының жетекшісі.

Жұртшылыққа жайылған жәрмеңке



Шолаққорған ауылындағы «Тәуелсіздік» алаңының алдында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге Шолаққорған, Қарақұр, Созақ, Құмкент, Сызған, Қаратау, Жартытөбе ауыл округтері мен Таукент кент әкімдігінің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өз өнімдерін әкеліп сатты.

Сонымен қатар, «Алма» СПК-і мен «Тараз-Көкжиек» СПК-і өздерінің өндірген ет (шұжық, колбаса, жұмыртқа

және т.б) өнімдерін 800-2500 теңге аралығында аудан тұрғындарына ұсынды. Жәрмеңкеде ауыл шаруашылығы өнімдері базар бағасынан 15-20% төмен бағада, атап айтқанда: картоп 100-160 теңге, сәбіз 120-130 теңге, пияз 100 теңге, алма 200-300 теңге, асқабақ 120 теңге, жүгері собық 70 теңге, жылқы еті 2200 теңге, қой еті 2000 теңге, сиыр еті 2000 теңгеден сатылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ассалаумағалейкүм Теріскейдің текті жұрты!

Соңғы кездері Созақ қоғамы мына бір екі мәселеге ерекше алаңдаушылық танытып отыр. Бірі, ауданымыздың территориясында жүргізіліп жатқан Шолаққорған-Таукент; Таукент- Ынтымақ; Созақ- Қарағұр және Шолаққорған- Құмкент бағытындағы облыстық маңызы бар жолдар. Екіншісі, ауданымыздың орталығы Шолаққорған мен ауылдарға жүргізілгелі және кіргізілгелі отырған көгілдір отын құрылысы жұмыстары. Бұл жайында жерлестеріміз жер-жерлерде өтіп жүрген аудан және ауыл әкімдерінің есеп беру жиындарында тоқтаусыз сұрап келеді. Тіпті, өңірімізге келген облыс әкімдеріне де қоғам тарапынан қойылатын сауалдардың негізгісі осы газ және жол мәселері болып келеді. Себебі де



құжаттарды ала келулерін және сол жол құрылысы жүріп жатқан жерлерге арнайы барып, істің басында сөйлесуге өзара сөз байласып тарқасты.

Көгілдір отын жағып, күл шығарудан құтылар күн келер ма екен?

Сонымен, жолға жауапты азаматтарды шығарып салған қоғамдық кеңес келесі күні, яғни, Қарашаның 17- де ауданымызға келген Шымкент-Жаңатас күре жолының Созақ ауданымен қиылысатын тұсындағы деп аталатын жерден бері қарай тартылып жатқан газ құбырларының жұмысына жауапты мердігерлік компания

Қоғамдық кеңес қоғамның алаңдауын назарға алды

белгілі. Мәселен, біздің аналарымыз бен жеңгелеріміздің, әйелдеріміз бен келіндеріміздің де қаладағылар секілді от жағып, күл шығарудан арылғылары келеді. Яғни, өркениеттің көшінен олардың да қалғылары келмейді. Оның үстіне, жылдан-жылға қатты отын (көмір) ның бағасы шарықтап, тамызық отын (сексеуіл, баялыш, жүзген т.б) ның қоры азаюда. Сондай-ақ, біздің ауданымыз да өзге аудан, қалалардан қалыспай, қарыштап болмаса да қадамдап даму үстінде. Бұл ретте ауданымыздың ішкі- және сыртқы автомобиль жолдарының маңыздылығы артып келеді. Өйткені, логистикасыз бір өңірдің дамып, өркендеуі мүмкін емес екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Оның үстіне, қазіргі таңда дүние жүзінде және біздің елімізде де жол көлік оқиғалары көбейіп, нәтижесінде, адам өлімі артуда. Тіпті, соғыста да мұндайлық дәрежеде адам қырылған емес деген ойлар да жиі айтылып қап жүр қоғамда. Мұнымен келісуге де болатын сияқты. Оған ауданымыздың жолдарында аударылып қап, қыршынынан қиылып қап жатқан қайғылы қазалары дәйекті дәлел. Міне сондай, соңы отандастарымыз үшін үлкен қайғымен аяқталып жүрген қазалардың басты себебі де осындай сапасыз жолдар екені жасырын емес. Ендеше, ел болып елңдеуіміздің, қоғам болып қамығуымыздың ешбір сәкеттігі жоқ. Олай дейтінім, әр екі жағдайда да қоғам жанашырларының, ел тізігінің ұстаған есті азаматтардың да алаңдап отырғаны ауданымыздың, азаматтарымыздың игілігі.

Жұртымызды алаңдатқан жолдың жайы

Иә, жоғарыда айтқанымдай өткен жетіде, аудандық Қоғамдық кеңестің шақыртуымен Шолаққорғанға: Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бас маманы Сейдмұхтар Әлмұхаммед Әлиасқарұлы; Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Оңтүстік жолдары» МКК-ның техникалық қадағалау және қауіпсіз жол қозғалысы бөлімінің қадағалаушы-сарапшы Қалменов Ермек Бекшораұлы; «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» РМК Түркістан облысы бойынша филиалының бөлім басшысы Камалов Данияр Әсілханұлы; «ТОО Нұр-Строй» ЛТД басқарма басшысы Аманбаев Жеңіс Қаленхлы келген болатын. Жалпы, бұл азаматтардың ауданымызға келуіне Қоғамдық кеңес мүшелерінің атынан төраға М.Сапаровтың Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Р.Ибра-

гимов пен «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» РМК Түркістан облысы бойынша филиалының директоры М.Ахметовтың атына жолданған мына бір хаты себеп болған еді:

«Бүгінде Созақ ауданындағы облыстық маңызы бар Жуантөбе, Созақ, Шолаққорған-Таукент «КХ-2» бағытындағы облыстық маңызы бар 181-214 шақырымындағы тасжолдың орта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Кәзіргі таңда жасалып жатқан жол жөндеу жұмыстарының сапасы мен жасалу технологиясы және жөндеу жұмыстарының уақытының ұзап кетуі аудан тұрғындарын алаңдатуда.

Созақ аудандық қоғамдық кеңестің 19.10.2022 жылғы кезекті отырысында аты аталған мәселе көтеріліп, Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынысымен жасалып жатқан жұмысымен танысу және зерделеу мақсатында жолдың жөндеу жұмыстарына жауапты сала өкілдерін ағымдағы жылдың 16 қарашасына шақыру айтылды.

Осыған орай сіздің тарапыңыздан 16 қараша күні Созақ ауданында жасалып жатқан Шолаққорғаннан –Таукентке дейінгі «КХ-2» бағытындағы облыстық маңызы бар 181-214 шақырымындағы тас жолдың сапасымен танысу зерделеу жұмыстарын жүргізу үшін, тапсырыс беруші мекеме және мердігер компания сонымен қатар жол сапасын анықтайтын лаборатория өкілдерін осы салаға жауапты мамандарының келуін қамтамасыз етуіңізді сұранамын!».

Сонымен, сағат келулері тиіс болған өкілдер тек түс уақытында, сағат 13/30 шамасында бір-ақ келді. Сөйтсек, жолда кенеттен жол-көлік оқиғасы орын алып, кешіккен себебі соң екен. Меймандардың басынан өткен жайсыз жағдайдан хабардар болған қоғамдық кеңестің мүшелері өзара таныстықтан соң, бірден сұрақ-жауапқа өтті. Негізінен, сұрақтардың басым-көпшілігін саналы ғұмырын ауданымыздағы осы көлік және автомобиль жолдары саласындағы қызметке арнаған Ә.Сөл-

теков пен бір кездері аудандық ЖКХ бөлімін басқарған Т.Жұмақовтар қойып жатты. Тағы да кеңес мүшесі Р.Жақсыбергенов пен Б.Саржановтар да көптің көкейінде жүрген сауалдарды беріп, жауаптарын алып отырды. Ал енді, сұрақтардың негізгісі Шолаққорғаннан –Таукентке дейінгі «КХ-2» бағытындағы облыстық маңызы бар 181-214 шақырымындағы тас жолдың құрылысының кешеуілдеп жатқаны мен сапасына қатысты болды. Сонымен, арнайы келген өкілдердің айтуынша облыстық маңызы бар бұл жол құрылысының уақытынан кешеуілдеп жатқанының басты себебі, еліміздегі битум мен жанар-жағармайдың тапшылығы екен. Мұны, олар таяуда ғана Жолдауында еліміздегі битум тапшылығы жайлы айтып өткен Мемлекет басшысының сөзімен қуаттауды жөн көрді. Дегенмен, бұл уәжге сауал беруші қоғамдық кеңестің мүшелері аса илана қоймады. Керісінше, ақыры осы жұмыстың жүзеге асуы жөніндегі тендерді жеңіп алған екенсіздер, осы жағдайға, яғни, битум мен жанар-жағармайдың алдағы уақытта тапшы болып қалу ықтималдығына дайын болуларыңыз көрек еді деп бір тұқыртып алды. Әрмен қарай жолдың сапасы жайлы сөз еткен меймандардың әрқайсысы сметаға сай жұмыс істеліп жатқандығын, ертең қабылдап алған уақытта мейлінше қадағалайтындықтарын айтып, ақталып бақты. Тіпті, біздің де басымыз екеу емес, облыс әкімдігі, құқық қорғау органдарының барлығы қадағалап отыр деумен болды. Дегенмен, қолдарында қоғамдық кеңес талап еткен жол өндірісінің кестесі, смета менен тапсырушы мен мердігерлік компанияның арасындағы келісімшарт болмаған соң, әрі қарай сөйлесудің де маңызы жоқтығын алға тартқан кеңес мүшелері бұл басқосуды кейінге қалдыруды ұйғарды. Біріншіден, жолда жол-көлік оқиғасына ұшырағандарын ескеріп, денсаулықтарына алаңдады. Екіншіден, келесі жолы жоғарыда талап еткен

қызметкерлерімен де кездескен болатын. «Строй-Газ Компани» мекемесінің аймақ (начальник участка) басшысы Асан Молдабаев пен Инженер ТБ Сәрсен Қоржынбаевтар қызмет ететін бұл компания негізінен ауданымызға тартылып жатқан көгілдір отын құбырларының ұзындығы 43, 809 км алып жатқан сыртқы құрылыс жұмыстарына жауапты. Айта кету керек, бұл азаматтар да алдындағы, ауданымыздың аумағынан облыстық маңызы бар жолдың салынуына жауапты азаматтар секілді қоғамдық кеңестің хат жазып, арнайы шақыртуымен келген болатын. Жалпы, бұл азаматтарға да сол көпшіліктің көкейінде жүрген: «Сыртқы газ жұмыстарының құрылысын қашан аяқтауды жоспарлап отырсыздар? Неге, газ құбырларларын жүргізу жұмыстары кешеуілдеп жатыр?» - деген мағынадағы сұрақтар болды. Асан Молдабаев пен Сәрсен Қоржынбаевтың айтуынша осы сыртқы газ құбырларының құрылысына бюджеттен бөлінген 4,3 млрд қаржының бүгінгі таңға 2,4 млрдқа жуығы игерілген көрінеді. Яғни, жалпы жоспардағы жұмыстың 70 пайызын атқарып қойған-мыс. Ендігі жерде Ресейден келетін газ қондырғысына қарап отырғанға ұқсайды. Қазіргі таңда сол қондырғыны орнататын арнайы орынды дайындап қойыпты. Әрине, бұған сол қондырғыны орнататын арнайы аймаққа барғанымзда өзіміз де көз жеткіздік. Мердігер компания қызметкерлері осы арнайы аймақтың қоршау жұмыстарына қажетті материалдардың да жеткізіліп, дайын тұрғанын, тек, жүргізу жұмыстары ғана қалғанын алға тартумен болды. Бұхыртса, облыс әкімі Дархан Сатыбалды мырза аудан халқымен кездесуде ауданымыздың Құрметті азаматы Бүркіт Арынбеков қарияның сұрағына берген жауабына орай келесі, 2023 жылдың аяғына толықтай бітіреміз деп отыр. Дегенмен, мынау Ресей мен Украина арасындағы шиеленіске байланысты жалпы тауардың бағасының шарықтап кету бұл жобаға да өз әсерін тигізіп отырғанын да жасырмады. Осы ретте, мердігер компания сметалық құжатта қаралған қаражатқа өзгерістер енгізуге ұсыныс бергендерін де жоққа шығармады. Демек, бұл күтпеген жағдай да ертеңгі күні ауданымызға келетін көгілдір отынның кешеуілдеуіне де өз зиянын тигізер ма екен деген күдік жоқ емес. Қайткенмен де басқа-басқа облыс әкімінің өзі уәде беріп отырған соң, сенгеннен басқа шарамыз жоқ. Ендеше, сол құрылыс жұмыстары уақытылы бітіп, көгілдір отынның қызығын көретін күнге жеткенше еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын дегеннен басқа амалымыз жоқ. Әрине, солай екен деп, қоғамдық кеңестің қол қуысырып отыратын ниеті де жоқ секілді!

Данияр БЕК.



ҒАНУБЕТТИ ҒҰМБІРДЫ

Кітапхана мәртебесі биік парасатылық пен білімділіктің ордасы

Созақ ауданындағы осы киелі шаңырақты басқарып кітапхана тарихында ізін қалдырған, мамандығының майталманы бола білген, Созақ ауданы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің алғашқы директоры «ҚР Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Баймұрзаева Айтжамал Жантөліқызы замандасымыз туралы өткен шақта айту өте ауыр.

Айекең азаматтық көзқарасы мен мәдениеті өте жоғары, үлкен жүректі жайсаң жан еді. Талғампаз шебер ұйымдастырушылығы арқылы көптің құрметіне ие болатын. Елге жасаған еңбегі көпке, әсіресе тәрбиелеген шәкірттеріне үлгі-өнеге. Соның бір айғағы 1995-96 жылдары елімізде болған қиын кезеңдер ауданымызды оның ішінде кітапхананы да айналып өтпеді. Сол кезде аудандағы барлық кітапханалар жабылып тек аудан орталығында бір ғана кітапхана қалды. Сол жабылған кітапханалардағы кітап қорын сақтап талан-таражға түспеуінде басшы ретінде Айекеңнің еңбегі ерекше болды. 2000 жылдары жағдай түзеліп кітапханалар ашылғанда кітап қорымыз жеткілікті болып облыста алғашқы аудандардың бірі болып 22 кітапхананы бірден аштық.

Елге келген зиялы қауым өкілдеріне, құрметті қонақтарға, облыс басшыларына кітапханамыз мақтанышпен көрсететін орындарымыздың бірі болды. Кітапхананы аралап көрген қонақтарда ыстық ілтипатпен шынайы тілектерін жазып, ризашылықтарын білдіретін. Қонақтар әсіресе аудандағы кітап қоры мен кітапхана қызметкерлері қызметінің сапалылығына риза болатын. Осы кезде талапшыл да табанды, ұстанымы жоғары басшы Баймұрзаева Айтжамал есімі алдымен ауызға алынары анық.

Әттең өмір өткізші... Айекең көзі тірі болғанда биыл 70-жылдығын атап тойлап жатар едік. Парасатты болмысы бейнесі әрқашан жадымызда.

Жаны жәннәттің төрінде шалқысын.

Сауле ЕДЕНБАЕВА.

Тірі болсаң тойлар едік жетпісті

Баймұрзаева Айтжамал Жантөліқызы 1952 жылы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келді. 1959 жылы алғашқы мектеп қабырғасын аттады. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде өзінің белсенділігімен үздік оқушылар қатарында көзге түсті. 1969 жылы мектеп бітіріп жоғары оқу орнына түсті. Өз мамандығын жақсы меңгеріп 1973 жылы аудан орталығындағы Мәдениет үйінде кітапханашы қызметіне орналасты. Бар өмірін кітапханаға арнап нәтижесінде аудандық кітапхана меңгерушісіне жоғарылады.

*Тірі болсаң тойлар едік 70 жасты,
Той орнына жүректі қайғы басты.
Ойда жоқта сұм ажал алып кетіп
Көзімізден ағызды қанды жасты.
Жүретін жан-жағына нұрын шашып,
Дос-жараңға ардайым кеңілі ашық.
Қалайша бұл өмірге симай кеттің
Көрмеп едік ешқашан асып-тасып.*

Бүгінде тірі болсаң жетпістің жүзін көріп бір-бірімізді жетектеп жүрер едік. Жарқын бейнең мәңгі есте қалады. Жатқан жерің жәннәттә болсын!

Сыныптас достарыңның атынан:
Базаркүл!



Ғұмыры ғибратқа толы жан еді...

Кеше ғана ортамызда жүрген асыл жандардан қапелімде көз жазып қалған сәттерде, ол туралы өткен шақпен әңгіме айту қиынның қиыны екен. Көптеген жылдар аудандық орталық кітапхананы басқарған Айекең алла берген бар ғұмырында адами қасиеті мен пайым парасаты тұрғысында өз биігінен көріне білді. Адам деген атқа тән, қазақ елінің азаматшасы-деген құрметті атауға лайықты деңгейде халқына қалтқысыз қызмет етті.

Біз бірге қызмет атқарысып, қатар құрбыдай бірге жүрдік, сырлас дос, апалы-сіңлілердей қатар өстік. Айекең жан азығы саналатын кітапқа өте құмар болды. Жолығысқан сайын жаңа түскен кітаптар, оқыған әдебиеттерінен хабардар етіп тұратын. Өте көп оқыған, білімді, зердесіне терең ой түйе білетін жан еді. Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесін басқарған жылдар ішінде кітапхана ұжымы облыстық, республикалық кітапханалар сайысында ұдайы биік межелерді бағындырып, жеңіс тұғырында жүретін. Қай уақытта болмасын кітапханада ылғи бірінен соң бірі жалғасқан іс-шаралар, апталықтар, мерейтой иелерінің кештері, тарихи оқиғаларға байланысты шаралар кітапхана ұжымында жиі өтіп жататын. Кітапхананың бос күні жоқ деуге болатын. «Кітап-асыл қазына» деген қағиданы Айтжамал үнемі назарда ұстайтын.

Әсіресе есімде қалғаны мен «Ертөстік» бала-бақшасында меңгеруші болып жүргенімде, Айекең кітапханашылар мен бала-бақша тәрбиешілері арасында байқау ұйымдастырғаны. Мен Айекеңе, Сіздер нағыз даналық көмбесінде отырсыздар, біздер тәрбиешілер сұрақтардан қиналып қаламыз ғой деп, ойламаған жерден байқаудан озық шыққанымыз есімде. Бұл да, Айекеңнің кеңдігі, сыйластығы-деп есіме алып жүремін.

Қазір ойлап отырсам Айекеңнің қарапайым мінезі мен жан-дүниесінің тазалығымен ұштасып тұрған сияқты. Өзі қарапайым болғанымен білімділігі, байқампаздығы ойлылығы көзінен көрініп тұратын. Айекеңнің бойында жәй көзге көріне бермейтін, жасырын жатқан мінез-құлықта байқала бермейтін бір күш бардай көрінетін. Адамгершілік сыйластықты бірінші орынға қоятын еді...

Алтынай ЕМБЕРГЕНОВА.

Қоғамда өз орны бар азаматша еді

Мен Айжамалды сонау 1938 жылдардан бастап білемін. Аудан орталығындағы Ы. Алтынсарин мектебінде бірге оқыдық, ол кісі бізден бір сынып жоғары оқыды.

Мектеп бітірген соң бәріміз жан-жаққа жоғары оқу орындарына білімімізді жетілдіру үшін кеттік. 1975 жылы жоғары оқу орнын бітіріп келген соң, мен аудандық Комсомол комитетіне жұмысқа орналастым. Сол кезде ол кісі аудандық әртістермен жүріп, партиялық комитетте үлкен кітапхана болатын, және оқу залы бар еді соның меңгерушісі болып, сол мамандығына сәйкес орналасып сол жерде қызмет атқарды. Содан бір-бірімізге деген жұмыс бабындағы байланыс басталды. Өйткені кітап керек, түрлі әдістемелік нұсқаулықтар керек жұмысымызға. Кітапханада жүріп күнделікті оқу, жазу мәселесін ақылдасатын дәрежеге жетіп, жұмыс жасауымызға көмектескен Ер тұлғалы азаматша еді. Аудандық әдістемелік партия жұмысын жолға қойып, оның партиялық қызметінің кітап оқу жұмысын жүргізді. Аудан орталығында кітапхана болатын, жұмысы бір жолға қойылмай, басшылары ауысып, басқа жаққа кетіп қалып жатқандықтан Аудан партия комитетінің бюросы хатшысы Ахметов Бәкір Айжамалды аудандық кітапханаға басшы етіп ұсыныс жасады. Бюро мүшелерінің барлығы келісті. Кітапханаға барған соң өте белсенді жақсы жұмыс жасады. Бірінші кадр мәселесін шешуді жолға қойды. Өйткені ол кездегі кітапханашылар орта білімді еді. Жоғары оқу орнын бітірген мамандардың жоқтың қасы еді. Келіп мектепте жүрген, кітапхана мамандығын бітірген жоғары білімді азаматшаларды жұмысқа шақырып, олардың айлығын уақытында беріп, жағдайын жасап отырды. Сол кадрдың арқасында кітапхана жұмысы жанданып, кітап оқушылар көбейіп, жұмысы бір жолға қойылды. Аудан кітапханасының жұмысы бас кезінде өте ауыр болды. Оқитын кітаптар реттелмей, бір жүйеге келтірілмей ол іздеген кітабын таба алмайтын дәрежеге жеткен еді. Соның барлығын мамандарымен күні-түні жұмыс жасап бір жүйеге келтірді. Кейіннен кітапханада қандай кітап іздесек, сол кітаптың атын айтып барсақ дер кезінде тауып беретін үлкен дәрежеге жетті. Әрине оның барі ұйымдастырушылық қабілетіне, біліміне деген өзінің сонау бұрыннан келе жатқан ізденімпаздығының, жұмысына адал берілгендігінің, жан-тә-



німен сүйіп кіріскендігі білініп тұратын. Содан бірте-бірте мемлекеттік қызметтегі жұмысымыз достыққа ұласып бірге жұмыс жасадық. Халқына, ұжымдастарына сыйлы азаматша болды. Зейнет жасына шыққанда да бірге жүрген кездерімізді сағынып еске алып отырамыз. Ойламаған жерден жеңіл ота жасату кезінде бірден дүниеге аттанып кетті. Әрине өкінішті, бірден кетіп қалады деген ойымызда жоқ еді. Бейнетінің зейнетін көрертін шағында кетті. Артында тәрбиелеген ұжымы аудандық орталық кітапхана қалды. Олар Айжамалды ұмытпайды, газетке, әлеуметтік желіге салып отырады. Аудандық орталық кітапхана Айжамал өмірден өтіп кетсе де 70 жасын үлкен іс-шарасын өткізіп қуантып отыр. Айжамалдың көзін көрген, қызметтес достарын, сыныптастарын, ағайын туыстарын іздеп сұхбат жүргізіп атсалысып отырған аудандық орталық кітапхана ұжымына үлкен рахмет.

Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,
Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ФИЛДРАТҚА ТӨЛЫ ЕДІ

Мамандығын мақтаныш тұтатын

Баймұрзаева Айтжамал Жантеліқызымен Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті менен бір сынып жоғары оқып бітіріп, Алматы қаласындағы Мемлекеттік қыздар педогогикалық институтының «кітапханашы-библиограф», ал мен аталған институттың «Педогогика-психология» факультетін оқып бітірдік. Өмір екеуімізді қайда жүрсекте жолдастығымызды достыққа ұластыруға жағдай жасап отырғандай көрінетін. Екеуіміз бір-бірімізді бір апта көрмесек 6-7 ай көрмегендей сағыныса көрісіп, сырласушы едік. Айтжамал өте білімді, адамгершілік қасиеттің барлығы оның бойынан табылатын. Үлкенмен де, кішімен де тілтабысып сөйлесе отырып, оқырмандар конференцияларын өткізетін, жаңалықтың жаршысы, жастардың тарбиешісі. Аудандық кітапхана жүйесіндегі қызметкерлерге кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру бағытында, халықпен оның ішінде жастармен жұмыс жүргізуге үнемі бағыт-бағдар бере отырып, тәрбиелейтін ұстазы бола білді. Өмірін өзінің сүйікті мамандығына арнағанын Созақ ауданы біледі дей тұра, есімде зейнеткерлікке шығу мерзімі жақындап қалған кез-ау шаманда атқарған қызметі, өткен өмірі жайлы сырласып отырып, М.Мақатаевтың мына өлеңі ойыма орала береді: «Шаң басқан архивтерден табылармыз» деп күле сөйлегені есімде. Айтжамал өз өмірінің барлық қызығында, ыстық ықыласын да, лебізін де өзінің өмірде таңдаған мамандығы кітапханашылыққа арнады.

Балдырған ӨТЕШОВА,
досы.



Қимас та, сырлас дос еді

Баймұрзаева Айтжамал Жантеліқызына 1974 жылы жолықтым. Бізге физика пәнінен беретін ұстазымызға келіп тұратын. Сол жылы мектепті бітіріп қой бағуға кеттім. Сол қой бағып жүргенде 1975 жылы қаңтар айында облыстық әйелдер слеты болды. Айтжамал апаймен Шымкент қаласына келіп қонақ үйге тоқтадық. Сол уақытта бір қызық жай болды. Аудан бойынша мейрамханаға тамақтануға келдік. Слетқа қатысқан барлық қонақтар биге шықты. Сонда мен 16 жаста, Айтжамал апай 23 жаста еді.

- Айтжамал апай билейікші, - дедім.

-Әй, Қалдықүл сен биле жассың, мен сүйегімді сықырлатып қайтіп билеймін, сен билей бер, - дегені, мен жаспын ба, аңғалмын бөлмеге келіп апайдың айтқан сөзі есімнен кетпей қорқып, 23 жасқа толғанда менің де сүйегім сықырлайма- деп уайымдаумен болдым. (күліп) Негізі Айтжамал апай тез көтеріле салмайтын, мінезі салмақты жан еді. Сол мінезіне байланысты айтқан екен ғой. Ал мен болсам басқаша түсініппін.

Сол слеттан кейін Алматы Қаласы КАЗГУге оқуға кеттім. Ауылға келгенімде апай Рай-

ком парткомында кітапханашы болып жұмыс жасайды екен. Газет-журналдарға жазылумен, жаңадан келген кітаптарды тіркейді екен. Сонда тағы жолығып, екеуіміз содан бері сыйласып, кешегі өткен өміріне дейін достықта болдық. Апай жанындағы қыздарға өте қамқор еді. Жиналыстарда, жиындарда бірге болатыбыз. Бабаева Нұржамал, Еденбаева Сауле, Өтешова Балдырған, Айтжамал апай барлығымыз қызметте де, өмірде де сыйластығымыз артып араласып жүрдік. Тағдырымыз да ұқсас болды.

Газет-журнал, кітаптарды өте көп оқитын. Кез келген тақырыпта адамдармен араласып кетіп сөйлесе алатын. Апайдың бір қасиеті адамдардың сыртқы сұлулығы мен табиғи жан сұлулығын бірден ажыратып суреттеп айтатыны. Жұмыс барысымен мен қалаға кетіп қалдым, бірақ бір-бірімізден ажырап қалмадық. Жіі кездесіп, қалаға келгенде үйге келіп қонып таңға дейін аңгімеміз таусылмаушы еді. Мен білетін Айтжамал апай осындай қайталанбас жан еді. Қазір барін сағына еске аламын.

Қалдықүл ҚАЛАМБАЕВА.

Жаны жайсаң, жомарт жүректі, абзал азамат, кішіге кішіпейіл, үлкенге ізетшіл, қадірлі қарындасымыз Айтжамалдың мынау жалған дүниеден бақилыққа аттанғанын естігенімізде қатты күйзелгеніміз рас еді. Ол нағыз классикалық әдебиеттерден сусындаған білімдар қыз еді.

Айтжамал Баймұрзаева алғаш жоғары оқу орнын

әдебиеттерін кеңінен насихаттаушылардың бірі болды. Аудандық, облыстық партия комитеттерінің марапаттауларына ие болған Айтжамалдың қызмет бабы жоғарылатылып, ол аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры қызметіне бекітілді.

Кауһар білімді, интеллектуалдылығы жоғары Теріскейдің төл перзенті Айтжа-

Білікті басшы, қарапайым қызметкер еді



бітіріп келгеннен соң мамандығы бойынша аудандық кітапханада азғана уақыт қызмет атқарды. Мұнан соң білікті кадр, білімді қызметкер деп Қазақстан Компартиясы аудандық комитетіне қабылданады. Мен саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі болып, ол аға кітапханашы қызметін жоғары біліктілікпен атқарды. Бірге қызмет атқарған жылдары ол өзінің өте білімді, саяси дәрежесі жоғары, кітапқұмар екендігін байқатты. Партия комитеттері хатшылары және кеңшар басшылары қатысқан семинарлар мен түрлі жиындарда ол саяси және шаруашылық, әлем

малдың аудан елді мекендерінде жиі болып, кітапхана жүйесінің жұмысын, қазақ және әлем әдебиеттерін кеңінен насихаттау ісін біліктілікпен атқарушы еді.

Ия, ол қолынан кітабы түспейтін, қарымды қызметкер, абзал азамат еді.

Айтжамалдың көзі тірі болғанда биыл 70-жылдығын атап тойлап жатар едік. Әттең...

Есенбек КЕНЖЕҒАРАЕВ,
Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Шоқтығы биік дара тұлға

Биыл 2022 жыл 4 қарашада Айтжамал Баймұрзаеваның туғанына 70 жыл. Артына өшпес із қалдырған Айкеңнің еңбек жолы, өзіндік бір шежіре. ОҚЖ-де бірге еңбек еткен жылдарда адамгершілігі, әріптестеріне деген сенімі, қадыр-қасиеті, өмірдегі өзіндік орны, өзіне адамды үйіріп алатын бауырмалдығы ерекше болатын. Айкең өте білімді, пайым-парасатты, талап етушілігі, ұйымдастырушылығы жоғары басшы еді. Жақсы қасиеттерін үлгі тұтатынбыз, еңбегімізді демеп, қолдау көрсетіп отыратын. Артындағы шәкірттері өз мамандықтарын жете меңгерген кітапханашылар. Бұл да Айкеңнің енегесі, тәрбиесі.

ОҚЖ-нің 52-филиал кітапханасы және ұжымда 70-тен аса қызметкерлер жұмыс істейтін. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарда, кітапханалар қысқартуларға ілікті. Қысқартқан кітапхана қорларын аудан орталығына жинақтап сақтай білдік. Осы кезеңдегі Айкеңнің ұйымдастыру қасиеті айқын көрінді, қиындыққа қарсы тұра білді, ұжымды бірлікте ұстап жұмыла еңбек етуге баулыды. Келер күнге үмітпен қарадық. Күн өте сол үміт ақталды, жабылған кітапханалар қайта ашыла бастады. Шашау шығарылмай жинақталған кітап қорлары, қайта ашылған кітапханаларға таратылып берілді.

Ия, осындай сан соқпақтан өткен

аудандық кітапхана ұжымының, оны басқарған Айкеңнің еңбегі ерен еді. Адамның бойында қандай да бір жақсы қасиет болса, сол Айкеңнен табылатын, оның өз кәсібіне деген сенімі, құрметі, ықыласы ерекше болатын. Ол басшылық жасаған жылдардағы кітапхана жүйесі өрлеу, даму, шарықтау кезеңдерін бастап кешті. Айкең еліне адал қызмет етті, ұжымға қадірлі болды, өмірдегі өзіндік орнын іскерлікпен айшықтап өтті.

Жатқан жерің жұмақтың төрі болсын.

Әлмара МЫРЗАТАЙҚЫЗЫ,
Ардагер кітапханашы.

Шіркін, қимас досым Айкең. Бүгінгі күні жүзің нұрланып, 70 кезеңіңді сыныптастар болып тойлар едік. Амал жоқ сұм ажал ортамыздан жұлып алып кетті. Өте бауырмал, жақсылық іс істеуге қуаныш арманы, асқар әліде істейтін істері көп еді. Жетістікке жетемін деп ойлайтын еді. Тәрбиелеген, соңынан ісін жалғастырған кітапхана қыздарына, ұжымына көп-көп рахмет. Сыныптастардың 45 жылдық кездесуінде өзін өте ерекше ұстаған еді. Ұйымдастыру ісіне белсене кіріскен еді. Жан құрбым естен еш шықпайсың, мәңгі есімізде сақталасың. Жатқан жерің жайлы, алдың пейіш, артын кеніш болсын.

Сыныптас, парталас жан құрбың Зоя.



ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ ЖҰМАДІЛДА немесе ауылдағы Анаш аға

Әр ауылдың жаста болса, орта буын аға қатарында болса да ақсақалға бергісіз азаматы болады. Сол азаматтардың қадірін, азаматтығын, адами қасиетін кезінде бағалай алмайтынымыз өкінішті. Өмірден өткенде өкініп аңырып қаламыз.

Аядай ауылда өскен Анаш ағамыздың тіпті шын азан шақырып қойған есімін ауыл молдасы дұға оқын сәтте ғана білдім. Не деген бейқам едік. Біз үшін Жұмаділда ағамыз Анаш еді. Әулетке, атаға бөлінген мына заманда ол кісі бәріне бірдей еді. Той, жиын жасаған үйде, қазаны түсіп қайғы жамылған үйде де Анаш ағамыз табылатын. Жылқысын ұстасып, сойысып, жіліктеп, келген мейманның алдына келгенше жауын шашын, қарлы боран, аптап ыстық бәріңде тыным таппай бас-көз ауыл ағасы міндетін абыройлы атқаратын. Мейлі ол ауылға жиен болсын, ағайын болсын, күйеу болсын Анаш ағам адам баласын алалап бөле жармайтын. Бірнеше жылдар мектепте шаруашылық меңгерушісі, есепші, кейін өндіріс саласына вахталық жұмысқа ауысты. Қай мекеме, өндірісте болсын айналдырып абыройлы азамат болды.

Туған ағасы Махамбет көкемізді аяқтандырды. Жеке шаңырағын көтеріп, керегесін керісті, уығын шаншысты. Солардың ас-ауқаты, киім-кешегі, оқуы мен тоқуы інісі, туған бауыры Жұмаділда-Анаш ағамның мойнында болды. Ағайынгершілік, бауырмалдылық, аға мен іні сыйластығы, жарлығы қол шын беру, жәрдем беру деген қасиеттерді көп адам Анаш ағамнан үйренді. Ісімен үлгі-өнеге болды. Анаш ағамыз қайтпас сапарға кетіпті деген жаманат хабарды есіткен ағайынның көзіне жас алмағаны жоқ. Қымай егілгені жоқ. Аудандық басылымның әр санын қалт жібермей оқып, өзінің жеке пікірі мен ұсынысын кездесе қалса көзбе көз, кейбір сәтте телефон арқылы хабарласып: «Мақ, аман-есен бе?! Сендердің газеттеріңде мынадай мақала жарияланған екен. Менің айтар пікірім бар деп жиі ойын жеткізіп тұратын.

Анаш ағамның әкесі Амандық көкемізге де, анасы Шынаркүл апамызға да Алла тағала сөйлейтін тіл бермеді, еститін құлақ бермеді. Үммен ғана түсінетін, айнала ауылды, ағайынды көру үшін көз бергеніне шүкіршілік ететін. Маханбет, Жүсіпәлі, Жұмаділда-Анаш, Мереке, Мейіркүл атты алтын асықтай ұлдары, ақ моншақтай қыздары болды. Осы ұрпақтарының ішінде еті тірі, ауылына қадірлі, ағайынға бауырмал Анаш ағамыз болды. Ауылға бара қалсаң Гүлбараштай асыл жеңгеміз есіктен өнсек болды самаурынын ала жүгіріп, апыр-топыр қазанын көтеріп, көрпешесін төсеп аға қадірін аспандата түсе-

тін. Солай болыпта қала бермек. «Еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» демекші қаладан ауылға қыдырып келген інілері алдымен Анаш ағамызды іздейтін. Әңгімесін баяу бастап елдің ауызбіршілігі, ынтымағы жайлы сөз қозғап бәтуалы сөз айтатын. Осы «Созақ үні» газетінің мектепшілік жазылуына да мектепте жүргенде көп атсалысқанын газет қызметкерлері, бас редакторымыз Сәрсенбек Теңізбаевта жиі айтып, Анаш ағамызды өзге мектептерге үлгі етіп отыратын. Соңында Мағжандай ұлы қалды. Ендігі сәтте қарашаңыраққа сол ие болады. Кеше ғана Гүлбараш жеңгем аудан орталығына келіп қайнағасының мектептегі балаларына қыстық аяқ киім

алып қайтты. Анаш ағамыз мәңгілік мекеніне аттанарда «Бауырларыма қарасып тұр!», «Өзің ие болып мені жоқтат па?» деп айтып үлгермесе де жарының көзі тірісінде қайырлы ісін ақырғы аманатындай ұғынып қабылдаған аяулы келін, асыл жеңге деген осындай-ақ болар. Көзі кеткен соң, өзі де кетті демей деғдар ісін жалғастыруы жарына деген адалдығы, кейінгі жастарға деген үлгі өнегесі болса керек. Қыр астындағы Қызылбұлақтағы қорымда тағы бір жас төмпешік пайда болды. Келместің кемесіне мініп кетсе де көптің көңілінде келелі ісімен, талайға дейін ұмытылмас бейнесін қалдырған асыл азамат, газет жанашыры, әрі тұрақты оқырманы атанған Жұмаділда-Анаш Амандықұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

*Әр пенденің көзін көрмен ала-сарған,
Тағдырының ісіне таласалман.
Бұл жалғанның жартасынан жарқабақты,
Секірді де кете барды Анаш ағам.*

*Көрген сайын жүретін «Мақ інім!» деп,
Қайда жүрсен өзіңді сағындым деп.
Аймағына сыйлы бір азаматтың.
Жүзінен тұратындай дала гүлдеп.*

*Тірегі еді той жиынның ауылдағы,
Саған разы болатын қауымдары.
Қара күздің күні қандай суық еді,
Жетімсіреп тұрғандай ауыл бағы.*

*Жан емес ед тірліктен жасқана-тын.
Әр жиында Анаш ағам бас бола-тын.
Жанашыр боп той біткенше, ас біткенше,
Өз үйіндегі қызмет атқаратын.*

*Жатыр бүгін жабырқап дала жылап,
Жан азалы, ана жылап, бала жылап.
Ауылының асқар тау азаматын,
Әкетіп кете барды ажал жырақ.*

*Аза тұтып Гүлбараштай асыл жары,
Қатарда тұр Мағжандай асылдары.
Ажал деген Тәңірдің құрығы ғой.
Қай пенде де бұл іске бағынады.
Жүзі жылы, жаны жайсаң ағашым ай.*

*Барша ағайын өзіңді сағынады.
Жатқан жерің жәннаттық бол-сын мәңгі,
Тайдан биік ағам-ай асыл ары!*

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Созақтық ақынның мерейтойы



Алматыда Ұлттық кітапханада белгілі ақын, талантты журналист, бүкіл түркі дүниесі ақындары жыр фестивалінің жүлдегері, ҚР Мәдениет қайраткері, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Төреғали Тәшеновтің 60 жылдық мерейтойына арналған әдеби кездесу өтті.

Алпыстың асқарындағы Төреғали ақын екеуіміздің таныстығымыз сонау өткен ғасырдағы сексен үшінші жылдың күз айында басталған еді. Сол кездегі ҚазПИ-дің филология факультетіне оқуға бірге түстік.

Екеуіміз бір топтың студенті атандық. Бұрын ауылда жүргенде аудандық «Молшылық үшін» газетінен мақалалары мен өлеңдерін жиі оқып тұратынмын. Елге сол кездің өзінде таныла бастаған Төреғалимен бір топта оқу бұйырды. Сонымен студенттік күндер басталып кетті. Кілең қыздардың ортасында төрт жігіт қана оқыды. Қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы және Басқар Әлиев деген жігіт, сосын Төреғали. Таныса келе Төреғали екеуіміз құрдас болып шықтық. Төкең де менің мақалаларымды аудандық газеттен оқып тұрады екен. Сөйтіп екеуіміз сырттай бір-біріміздің аты-жөнімізге қанық болып шықтық. Сол жылдардан басталған достық қарым-қатынасымыз қазіргі күнге дейін үзілген жоқ. Ол оқу орнын бітіргеннен кейін мектептерде мұғалім болып, шәкірт тәрбиесімен айналысты. Кейін Жаңатастағы қалалық газетте, сосын республикалық басылымдарда қызмет атқарды. Бірнеше өлең жинақтарын шығарды. Публицикалық жазбалары қалың оқырманның жүрегінен орын тапты. Алматыда зиялы қауым өкілдері ортасынан ойып тұрып орын алды. Созақтан шыққан Төреғали Тәшенов бұл күндері қазақтың белгілі ақыны.

Өткен жұма күні Ұлттық кітапханада ақын-журналист Төреғали Тәшеновтің 60 жас мерейтойына байланысты әдеби басқосу-«Айттым құлдық, Қаламқас» кітабының тұсаукесеріне қатысып қайттым.

Мерейтойлық басқосуға белгілі қаламгерлер мен бір топ зиялы қауым өкілдері қатысты. Алғашқы сөзді ҚР Президентінің кеңесшісі, жазушы Мәлік Отарбаев алып, мерейтой иесіне Мемлекет басшысының құттықтау сәлемін жеткізіп, мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтау хатын оқып берді. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып ақынға шығармашылық одақтың атынан құттықтау сөз сөйлеп, барша қаламгерлер атынан шапан жапты. Төреғалиға өзі қызмет еткен республикалық «Айқын» газеті ұжымы құттықтау хат тапсырды. Сондай-ақ, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев құттықтау сөз сөйлеп, аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің құттықтау

хатын тапсырып, иығына шапан жапты. Кеудесіне «Оғыз хан» медалі тағылды. Әдебиетші Абай Мауқараұлы Төреғали Тәшеновтің ақындығы мен шығармашылығы жайлы баяндама жасады. Белгілі қаламгер, «Ана тілі» басылымының Бас редакторы Қали Сәрсенбай, ақындар Байбота Қошым-Ноғай, Кәдірбек Құныпияұлы, жазушы Өтеш Қырғызбаев сөз алып, кеш иесіне шығармашылық табыс тіледі.

Белгілі күйші Шәміл Әбілтайұлы күмбірлете күй шертіп, жерлесіміз, әнші Жұбанаш Жексенұлы әннен шашу шашты. Ақынның мерейтойы қарсаңында шығарылған «Айттым құлдық, Қаламқас» атты жаңа жыр жинағының тұсауы кесілді.

Созақ ауданының мерейін асқақтатып, мақтанышымызға айналған Төреғали Тәшеновтің қазақ әдебиеті мен журналистикасына қосып келе жатқан үлесі қомақты. Әлі де бұл салаға қосар үлесі мол, Алпыстың асқарын бағындырған Төреғали сонау студенттік жылдардың өзінде-ақ қалың оқырманға танылып үлгерген еді. Бұл күндері ол шығармашылықтың толысқан шағында. Өзі айтқандай, ақынның екінші тынысы ашылды. Жалынды жастық шақты бірге



өткізген досымның руханият әлеміне алдағы кезде де субелі шығармалар ұсынары анық.

Төреғали Тәшенов республикалық «Айқын» басылымында ашылған сәттен бастап, 2018 жылы газет редакциясы Астанаға қоныс аударғанға дейін табан аудармай тілшілік қызмет етті. Сол күндерде оқырмандар Төреғалидың жазған мақалаларын іздеп жүріп оқитын. Газеттің әрбір санына оның танымдық, тағылымдық дүниелері үзбей жарияланып тұратын. Мақтанышпен айтуымыз керек, оның қаламынан туған жазылымдар жұртшылықтың жүрегінің төрінен орын алады.

Қатысушыларын үлкен әсерге бөлеген басқосуды белгілі актер Байғали Есенәлі жүргізіп, тартымды кештің шырайын кіргізді.

Мұнан кейін мерейтойлық кешке жиналған қауым мейрамханада арнайы жайылған дастарханнан дәм тартып, ақын жайлы кеңінен сыр толғады.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Тауар таңбасын қалай тіркеуге болады?

Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N 456 Заңының (бұдан әрі—Заң) 1-бабының 8-тармағына сәйкес тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі — тауар таңбасы) — осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі. Тауар таңбасын тіркеу үшін өтінімді ресімдеу және оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтына беру қажет. Тауар таңбасын тіркеуге қойылатын талаптар Заңның 9-бабында тізбеленген. Өтінімге сараптаманы ҰЗМИ РМК кезең-кезеңмен жүргізеді: алдын ала сараптама және толық сараптама (сараптама жасау мерзімдері Заңның 11-бабында белгіленген). Заңның 12-бабының 1-тармағына сәйкес алдын ала сараптама нәтижесі бойынша өтінім берушіге дәлелді қорытынды түрінде өтінімді қабылдау не қарауға қабылданудан бас тарту туралы хабарланады. Заңның 12-бабының 3-тармағына сәйкес толық сараптама нәтижесі бойынша уәкілетті орган (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі) тауар таңбасын тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Тіркеу фактісін Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме растайды (Заңның 14-бабының 2-тармағы). Заңның 45-тармағына сәйкес Уәкілетті орган (Әділет министрлігі) қорғау қажатын беру жөніндегі әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады. Тауар таңбасын тіркеуге байланысты заңды маңызы бар әрекеттерді жасаған үшін төлем ҚР ӘМ «ҰЗМИ» РМК директорының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 254 нқ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын іске асыратын жұмыстар мен қызметтерге бағалармен» белгіленеді. Тауар таңбасын

тіркеуге қандай құжаттарды ұсыну қажет? Тауар таңбасын тіркеуге өтінімге қойылатын талаптар Заңның 9-бабында белгіленген. 1) Өтінім бір тауар таңбасына қатысты болуға тиіс. 2) Өтінім бір үлгі бланкіде берілуге және 1) өтінім берушіні, сондай-ақ оның орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін көрсете отырып, белгілемеге сараптама жүргізу туралы өтінішті; 2) мәлімделген белгіні; 3) Тауарлар мен қызметтердің халықаралық сыныптамасына сәйкес тауарлардың және (немесе) қызметтердің тізбесін қамтуға тиіс. Өтінімге: 1) сараптама жүргізу жөніндегі сараптама жасау ұйымы қызметтерінің ақысы төленгенін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының 3 сәйкес белгіленеді; 2) іс жүргізу өкілі арқылы жүзеге асырылған жағдайда сенімхат; 3) жұмыс тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, жұмыс тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалануды бақылау тәртібін, жұмыс тауар таңбасы жарғысының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты қамтитын жұмыс тауар таңбасы жарғысы (жұмыс тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда) қоса тіркелуге тиіс. Тауар таңбасын тіркеу өтінімді өтінім беруші немесе оның өкілі береді. Өтінім беруші—тауар таңбасын тіркеу өтінім берген жеке немесе заңды тұлға (Заңның 1-бабының 5) тармақшасы). Өтінім берушінің өкілі-патенттік сенім білдірілген өкіл немесе ҚР АҚ 167-бабының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл. Заңның 15-тармағына сәйкес тауар таңбасының тіркелуі өтінім берілген күннен бастап он жыл бойы қолданылады. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі оның қолданылуының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады.

Бердібай АБЛАЕВ,
Кентау ауданаралық сот
актілерін орындау
жөніндегі аумақтық бөлімі
филиалының аға сот
орындаушысының м.у.а.

Жарамсыз деп танылсын

Сариев Нұржан Асқарұлының иелігіндегі 2015 жылы шығарылған «Lada VAZ 2121» маркалі автокөлігінің «KZ 021 UVA/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Сабырлылық берсін бір Алла

Шаға ауылының тұрғыны, ардақты әке, аяулы жар, асыл ата, қимас бауыр **Амандықұлы Жұмаділданың** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болды.

Асқар тауым тірегім,
Арқа сүйер жүрегім.
Кеттің мәңгі келмеске,
Амал да жоқ, білемін. Анасыма бір Алла,
Сабыр берсін, білерім.
Жаннатты әке төреле,
Рухыңа құран бағыштап,
Пейіштен орын тіледім,—деп отбасы атынан қызымыз

Ақмарал әкесіне жоқтау жазыпты. Марқұм Жұмаділда Амандықұлының рухына бағыштап желтоқсан айының 1-і күні қонақ асы, 2-сі күні қырық күндік асы Шаға ауылындағы өз шаңырағында өтетінін ағайын -туыс, құда-жекат, дос-жарандары мен ауылдастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: Жұбайы Гүлбараш, аға-іні, қарындастары, Есенбековтер отбасы.



Зорлық-зомбылықсыз-16 күн



басы мүшелеріне психологикалық, құқықтық көмек көрсету:

—Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламаларды сол жерге барып қарайды және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қолданады;

—Жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету «Жігерлі жүрек» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі Түркістан қаласы, Атабай тас жолы №151 үй, «Дағдарыс орталығына» жібереді.

—Профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;

—Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған

Акция шеңберінде ауқымды жұмыстар күтіп тұр

ҚР ІІМ-нің 2022 жылға арналған Операциялық жоспарына сәйкес халықты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру, қоғамда отбасының рөлін нығайту мақсатында ағымдағы жылғы қараша-желтоқсанда «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясын өткізу жоспарлануда. Осыған байланысты Созақ ауданы аумағында ағымдағы жылдың 25 қараша-10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясын қарқынды өткізуде.

Акцияның негізгі мақсаты: халықтың кең тобын әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескертуге және жолын кесуге, ана мен баланы қорғауға, қоғамдағы отбасының рөлін күшейтуге бағытталған, қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру болып табылады.

Акцияның міндеттері:
—Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы—тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар көшені.

—Үйдегі зорлық—зомбылыққа ұшыраған от-

адамды ішкі істер органдарына жеткізеді;

Ананың қоғамда отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан теңіз. Ана-ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке-ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдестіруші араздықты бітістіруші, дәнекерлеуші, ол іскер, қаһарман. Әсіресе қазақ қоғамында аналардың алар орны ерекше болған. Қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шебересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел-ана деп санаған. Халқымыздың татулығы, береке-бірлігін келтіруші ана екендігіне тарих куә.

Сондықтан әйел-аналарға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау бағытында ел болып, қоғам болып күресейік.

Егер Сіз немесе Сіздің жағындарыңыз, таныстарыңыз Отбасылық зорлық-зомбылыққа дұшар болсаңыздар АЙТЫҢЫЗ!!!

Отбасы жанжалдары кезінде АПБ 102 сенім телефоны, АПБ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция майоры А.Манапова-87783339929, «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының психологы Серкіова Жазира Асылбекқызы-87024575177 хабарласуға болады. Сонымен қатар әр аймақ бойынша учаскелік полиция инспекторларының хялы телефондарына байланысуға мүмкіндік бар.

А.МАНАПОВА,
Созақ АПБ ӘЗЗҚТ инспекторы,
полиция майоры.

Адвокаттың ақысыз қызметін пайдаланыңыз

Бүгінгі таңда қоғамымызда адвокаттың ақысыз қызметін біреу біліп жатса, екінші біреулері мүлдем хабарсыз. Сондықтан қазіргі уақытта адвокаттармен көрсетілетін тегін заң көмегі жайында қысқаша түсіндірме беруді жөн санап отырмыз. ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы Заңының 26 бабына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар. 1) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға; 2) Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға; 3) Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге; 4) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған кәмелетке толмағандарға осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі. Адвокаттар қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайды.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғалардың теңдей қол жеткізуге, өз құқықтары, міндеттері мен шарттары туралы ақпарат алуға, тегін заң көмегін көрсету үшін өтініш жасауға, оны алуға немесе алудан бас тартуға, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалардың әрекеттеріне не әрекетсіздігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетілген мәселенің құпиялығына құқығы бар.

Құқықтық консультация беру түріндегі, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету өтініш иесі өтініш жасаған кезде бірден адвокаттың қызметтік үй-жайында жүзеге асырылады. Заң көмегін өтініш иесі өтініш жасағаннан кейін бірден көрсету мүмкін болмаған кезде, ол үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілуі тиіс. Адвокат өтініш иесіне қабылдау күні мен

уақыты туралы қолжетімді нысанда хабарлайды. Егер өтініш иесі жүріп-тұруындағы қиындықтарға байланысты ауыр науқасы, мүгедектігі немесе өзге де мән-жайлар салдарынан адвокат белгілеген қабылдау орнына келе алмайтын жағдайда болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде жүргізіледі. Тұлға сол бір мәселе бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ала алады. Адвокат шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға осындай көмек көрсету нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға міндетті. Адвокат кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаған кезде заң көмегін көрсетуге кірісуге құқылы емес. Адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың тәртібі мен өзге де шарттары адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

Б.АБЛАЕВ,
Кентау ауданаралық сот
актілерін орындау
жөніндегі аумақтық бөлімі
филиалының аға сот
орындаушысының м.у.а.

Лицейдің әр сағаты бос емес

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде өтіліп жатырған «Шынықсаң, шымыр боласың» онкүндік аясында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұмаділ Бақыт ағайымыздың бастамасымен 2022 жылдың 17 қараша күні «Командалық жұмыс

тардың рөлі» тақырыбында семинар тренинг өткізді. Шарма мақсаты- ата-аналарға отбасылық тәрбиенің маңыздылығын ашу, отбасы құндылығын қадірлей білуін түсіндіру. Сондай-ақ, №14 мектеп интернат-лицейінде «Бала құқығы-адам құқығы» атты онкүндігі аясында «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты ел» тақырыбында жалпы мектеп-шілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Омарбекова «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастық пен қарым-қатынас орнап, арада түсіністік пен үйлесімділік орнайтындығы туралы айтылды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Жұмаділ сөз сөйлеп, «Тәрбиенің негізгі тірегі-ата-ана мен ұстазы екенін ескере отырып, осы бағытта бірігіп жұмыс жасайық», -деп қорытындылады.

Сонымен қатар, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Дефектолог-логопед үздіктері» аудандық байқауы болып өтті. Байқау қорытындысы бойынша мектебіміздің логопеді Конарбаева Гүлсім жүлделі III орынды иеленді. Маралат иесін мектеп директоры Абай Өтебаев арнайы қабылдап құттықтады.

Әсел ТӘЖІБАЕВА,
Т.Әлімқұлов атындағы
№14 мектеп интернат-
лицейінің мүгалімі.



және көшбасшылық дағдысы» тақырыбында волейбол ойыны сайысы өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша 10 а-сыныбы - I орын, 9 қ/т-сыныбы - II орын, 11 х/б-сыныбы - III орын иеленді. «Үздік ойыншы» номинациясымен Ғалым Алмас марапатталды.

«Шынықсаң, шымыр боласың» тақырыбындағы онкүндік аясында бірлесіп жетекшісі Абжаппаров Бекжан 2022 жылдың 16 қараша күні «Гимнастикалық төсеніште жаттығулар жасау» тақырыбында семинар сабақ өткізді. Осы күні Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде «Үйлесімді отбасы-бақытты балалық шақ» атты онкүндіктің аясында педагог-психолог мамандары «Отбасы тәрбиесіндегі рухани құндылық»

«Үлгілі отбасы» байқауынан

Аудан орталығында көне де, шежірелі, тарихи маңызы зор саналатын Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде тартымды шара өтті. Нақтырақ айтар болсақ, баланың ата-ана өміріндегі маңызын ұғындыру, ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, мерейлі отбасыны насихаттау мақсатында «Үлгілі отбасы» байқауы өткізілді. Байқауға «Қамқоршылық» кеңес құрамының мүшесі, әрі ардагер ұстаз Жолдасбек Талымұлы, «Қамқоршылық» кеңес құрамының мүшесі және ата-анасы О.Қоянбаева, мектеп басшысының тәрбие жөніндегі орынбасары Алмас Аштарханов сияқты білікті ұстаздар мен абыройлы



Бала қуанышы-бақыттың бастауы

ата-аналар әділ-қазылық етті. Байқау бес кезең бойынша ұйымдастырылды. Сайысқа іріктеліп, сұрыпталудан өткен «сен тұр, мен атайын» дегендей біліктілігі мен білімі сайма сай төрт отбасы қатысып, соңғы сатыдағы «Салт-дәстүрім-қазынам» кезеңі бойынша сұрақтарға жауап беріп, жүлдегер отбасы анықталды. Жеңімпаз отбасыларға мектеп директорының алғыс хаты мен сыйлықтар табысталды.

Бірінші орынды Бектаев Мұхтар Бауыржанұлының отбасы иеленді. Атасы Бектаев Бауыржан Тәуекелұлы ауданымызға белгілі кәсіпкер, арғы атасы Бектайұлы Тәуекел талай жылдар аудандық газетті басқарған жалынды журналист, білімпаз қаламгер болатын. Байқау жеңімпазы атанған Мұхтардың анасы Бота апайымыз зейнеткер, ардақты ана, ауыл аймағының сыйлы келіні атанған жан. Сонымен қатар, үш ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған Мұхтар мен жжбайы Диана екі ұлдары Жасын мен Саянды қатыстыра келген екен. Қарақат, Айсұлу, Тәуекел әлі кішкентай. Мұхтардың өзі еліміздегі бірегей оқу орны Қаныш Сәтбаев

ата-аналар әділ-қазылық етті. Байқау бес кезең бойынша ұйымдастырылды. Сайысқа іріктеліп, сұрыпталудан өткен «сен тұр, мен атайын» дегендей біліктілігі мен білімі сайма сай төрт отбасы қатысып, соңғы сатыдағы «Салт-дәстүрім-қазынам» кезеңі бойынша сұрақтарға жауап беріп, жүлдегер отбасы анықталды. Жеңімпаз отбасыларға мектеп директорының алғыс хаты мен сыйлықтар табысталды. Бірінші орынды Бектаев Мұхтар Бауыржанұлының отбасы иеленді. Атасы Бектаев Бауыржан Тәуекелұлы ауданымызға белгілі кәсіпкер, арғы атасы Бектайұлы Тәуекел талай жылдар аудандық газетті басқарған жалынды журналист, білімпаз қаламгер болатын. Байқау жеңімпазы атанған Мұхтардың анасы Бота апайымыз зейнеткер, ардақты ана, ауыл аймағының сыйлы келіні атанған жан. Сонымен қатар, үш ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған Мұхтар мен жжбайы Диана екі ұлдары Жасын мен Саянды қатыстыра келген екен. Қарақат, Айсұлу, Тәуекел әлі кішкентай. Мұхтардың өзі еліміздегі бірегей оқу орны Қаныш Сәтбаев

ұрғызып, кеш ажарын аша түскендей әсер берді.

Екінші орынды Қуандықов Дархан мен Әлиева Шапағаттың отбасы иеленді. Өнерпаз отбасын байқауға әзірлеген, ақыл-кеңесін берген аталары Бейсенбай ағамыз екен. Сонымен қатар, отбасыдан Бейсенбай Сезім атты қыздары да қатысып өз өнерлерін ортаға салды. Сезімнің өзі оқитын 8 ә сыныбының жетекшісі Беркіншеева Гүлвира апайымыз болатын. Үшінші орынды Қалашовтар отбасы, әкесі Түкебаев Ержан, анасы Бөлітіркіова Толғанай және отбасы, яғни команда мүшелері Ержанқызы Шапағат пен ұлдары Қалаш Айтас бірге қатысты. Отанасы Толғанай 6 баласы бар «Күміс алқалы» көп балалы ана.

Мәні зор аталмыш шара алдағы уақыттарда да әрбір ауылда, ауыл мектептерінде, бала бақшаларда жалғасын табады деген үміттеміз. Ал жеңімпаздарға алдағы уақыттарда аудандық, облыстық, республикалық байқауларда жеңімпаз атанып ауыл, аудан абыройын асқақтата беріңіздер демекпіз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ата-аналардың назарына. Тұмау ауруы күзгі қолайсыз ауа райы мен қысқы салқынның ажырамас бөлігі іспетті. Осы кезеңде адамдарда тұмаурату мен жөтел, жалпы әлсіздік пен қызудың көтерілуі байқалады. Тұмау және басқа ЖРВИ (жіті респираторлық вирустық инфекция) несімен қауіпті? Тұмау және басқа да ЖРВИ жоғарғы тыныс жолдары, жүйке жүйесі, құлақ және жоғарғы тыныс органдарының зақымдануымен қауіпті. Асқынулар 3 жасқа дейінгі балалар арасында жиі кездеседі, себебі олардың иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспаған. Тұмау және басқа ЖРВИ сырқаттану балалар арасында ересек адамдарға қарағанда жыл сайын 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр ағымда өтіп, асқынулар туындауы мүмкін. Респираторлы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесіне және мек-

ЖРВИ және тұмау ауруының алдын алу

тепке баратын балалар арасында жоғары, себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады.

Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?

-Вакцинация. Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанға мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің ауданымызда ақсыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, қарттар үйіндегі адамдар, медқызметкерлер егіледі.

-Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық

вирустарға қарсы тұрауға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:

-Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);

-Үйдің тазалығын сақтау-қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жоюылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын 20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);

-Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану;

-Дене шынықтырумен, спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Аурудың алғашқы белгілері пайда

болса:

Үйде қалыңыз; Төсек режимін сақтаңыз; Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдетіңіз; мұрыннан су аққанда, жөтелгенде, медициналық демперде киген жөн; Сусын, шай, шырын түрінде сыйықты көп ішіңіз; Жеке бас тазалығын сақтаңыз;

Жіті респираторлық вирустық инфекция және басқа да вирусты инфекциялардың алдын алу шаралары

Үйден шығарда мұрныңыздың ішіне оксалин жақпасын жағыңыз; адамдар көп жиналған жерден аулақ болыңыз; сыйықты көп ішіңіз, таза ауада көп жүріңіз;

Ауырып ем іздегенше ауырмаудың жолын іздейік.

Қ.АҚҚҮЛИЕВ,
Созақ аудандық СЭББ-ның эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.